

«Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 қазандағы № 1559 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 982 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 448 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 448 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 қазандағы № 1559 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 42, 408-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К.Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2011 жылғы	31 тамыздағы
№ 982 қаулысына	
қосымша	
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2009 жылғы	12 қазандағы
№ 1559 қаулысымен	
бекітілген	

Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне сәйкес әзірленді және

денсаулық сақтау саласында аккредиттеу жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде, мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
денсаулық сақтау ұйымы – денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

денсаулық сақтау субъектілері – жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын денсаулық сақтау ұйымы, сондай-ақ жеке тұлға;

медициналық ұйым – негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

тәуелсіз сарапшы – денсаулық сақтау субъектілері қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген жеке тұлға; аккредиттелетін субъект – медициналық ұйым, денсаулық сақтау ұйымы, жеке тұлғалар;

аккредиттеуші орган – денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган);

халық медицинасы (емшілік) – емдік заттар, сондай-ақ емдік және гигиеналық тәсілдер мен дағдылар туралы халықтың жинаған эмпиризмдік мәліметтерінің жиынтығы және оларды денсаулық сақтау, аурулардың алдын алу мен емдеу үшін практикалық қолдану.

3. Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеуге: көрсетілетін медициналық және фармацевтикалық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану мақсатында медициналық ұйымдар;

емші сертификатын беру бойынша қызметпен айналысуға үміткер денсаулық сақтау ұйымдары;

денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптамалық бағалау жүргізу үшін жеке тұлғалар жатқызылады.

4. Аккредиттеу ерікті сипатта болады және аккредиттелетін субъектінің қаражаты есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5. Денсаулық сақтау саласында аккредиттеуді жүзеге асыратын орган (ұйым) аккредиттеу жөніндегі тиісті комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады және емші сертификатын беру бойынша қызметпен айналысуға аккредиттелген денсаулық сақтау ұйымдарының, денсаулық сақтау саласындағы медициналық ұйымдар мен тәуелсіз сарапшылардың дерекқорын құрады.

6. Медициналық ұйымдарды аккредиттеуді аккредиттеуші орган не денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген ұйым жүргізеді.

7. Комиссиялардың құрамы мен олар туралы ереже аккредиттеуші органның шешімімен бекітіледі.

2. Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптамалық бағалау жүргізу үшін жеке тұлғаларды аккредиттеуді жүргізу тәртібі

8. Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптамалық бағалауды жүргізуге аккредиттеуден өту кезінде жеке тұлғалар аккредиттеуші органға мынадай құжаттарды:

1) уәкілетті орган бекіткен мамандықтар номенклатурасына сәйкес мәлімделген аккредиттеу саласын көрсете отырып, аккредиттеуші орган бекіткен нысан бойынша аккредиттеуден өтуге арналған өтінішті;

2) жеке куәлігінің көшірмесін;

3) салық төлеуші куәлігінің көшірмесін;

4) жоғары кәсіптік білімі туралы дипломның көшірмесін;

5) ғылыми дәрежелерінің, атақтарының (олар болған кезде) болуы туралы құжаттардың көшірмелерін;

6) бірінші немесе жоғары біліктілік санаттарының берілгені туралы сертификаттардың көшірмелерін;

7) практикалық денсаулық сақтауда мамандығы бойынша кемінде 7 жыл жұмыс өтілінің болуын растайтын еңбек кітапшасының көшірмесін;

8) жұмыс орнынан (негізгі) мінездеме немесе кәсіптік медицина қауымдастықтарының немесе денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардың немесе медициналық білім беру ұйымдарының (кемінде екеу) ұсынымдарын;

9) соңғы 5 жыл ішінде денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарда және медициналық білім беру ұйымдарында жалпы көлемі кемінде 216 сағат біліктілігін арттыру және (немесе) қайта даярлау туралы, оның ішінде сараптама жүргізу мәселелері бойынша немесе сараптама қызметінің негіздері бойынша құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

9. Аккредиттеуші орган құжаттарды алған сәтінен бастап екі жұмыс күнінің ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілген мерзімдерде жазбаша уәждемемен өтінішті одан әрі қараудан бас тартылады.

10. Құжаттарды қарау мерзімі денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптамалық бағалау жүргізу үшін жеке тұлғаларды аккредиттеуден өткізуге өтініш тіркелген сәттен бастап аккредиттеуші орган тиісті шешім шығарғанға дейін 30 күнтізбелік күннен аспайды.

11. Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін жеке тұлғаларды аккредиттеу конкурстық іріктеу (тестілеу және әңгімелесу) арқылы олардың біліктілігін кешенді бағалау негізінде жүргізіледі.

12. Кешенді бағалаудың қорытындылары бойынша аккредиттеуші орган аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Кешенді бағалауды жүргізу тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

13. Аккредиттеуден өткен субъектіге аккредиттеуші орган бекітетін нысан бойынша 3 жыл мерзімге аккредиттеу туралы куәлік беріледі.

14. Мынадай жағдайларда аккредиттеу туралы куәлік беруден:

1) ұсынылған құжаттарда бұрмаланған немесе жалған ақпарат болғанда;
2) кешенді бағалаудың (тестілеу және әңгімелесу) қанағаттанғысыз нәтижелері болғанда;

3) азаматтардың және заңды тұлғалардың жеке тұлғаның қызметіне мемлекеттік органдарға комиссиялық тексеру актілерімен расталған негізгі шағымдары болғанда;

4) жеке тұлғаға қатысты мәлімделген түрі бойынша қызметпен айналысуға тыйым салу туралы сот шешімі болғанда бас тартылады.

3. Медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу тәртібі

15. Медициналық ұйымдар аккредиттеуден өту үшін аккредиттеуші органға мынадай құжаттарды:

1) аккредиттеуші орган бекіткен нысан бойынша өтінішті;
2) медициналық және (немесе) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру құқығына қосымшасымен лицензияның көшірмесін;

3) құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін (заңды тұлғалар үшін);

4) өзін-өзі бағалау нәтижелерінің өз бетінше немесе тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүргізілетін аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне көшірмені т а п с ы р а д ы .

Мемлекеттік заңды тұлғалар және мемлекет қатысатын заңды тұлғалар заңды тұлға мүлкінің меншік иесін немесе меншік иесі өкілеттік берген органның не оған құрылтай құжаттарымен өкілеттік берілген заңды тұлға органының заңды тұлғаның мөрімен бекітілген медициналық ұйымдар ұсынған ақпараттың р а с т ы ғ ы н к ө р с е т е д і .

16. Медициналық ұйымдар ұсынған құжаттардың осы Ереженің 15-тармағына сәйкестігін қарауды аккредиттеуші органның аумақтық бөлімшелері жүзеге а с ы р а д ы .

17. Аккредиттеуші органның аумақтық бөлімшелері құжаттарды алған сәтінен бастап екі жұмыс күнінің ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша уәждемемен одан

әрі қараудан бас тартылады.

18. Медициналық ұйымдарды аккредиттеу олардың қызметінің уәкілетті орган бекіткен белгіленген аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сыртқы кешенді бағалау негізінде жүргізіледі және мемлекеттік тапсырысты орналастыру кезінде ескеріледі.

19. Медициналық ұйымдардың аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сыртқы кешенді бағалау:

1) дербес немесе заңнамада белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз медициналық сарапшыларды тарта отырып өткізілетін бағалау парақтарын толтыру арқылы аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау;

2) аккредиттеуші органның аумақтық бөлімшелері немесе заңнамада белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз медициналық сарапшыларды тарта отырып өткізетін осы Ереженің 15-тармағына сәйкес аккредиттеу рәсімдерін өту үшін ұсынылатын құжаттарды сараптау;

3) аккредиттеу комиссиясының аккредиттелетін субъектіге бара отырып, бағалау парақтарын толтыру арқылы аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін сараптамалық бағалау;

4) сауалнама жүргізу, сұхбат алу;

5) аккредиттеу стандарттарына сәйкестікті бағалауды баллдық жүйе, медициналық көмек көрсету сапасының индикаторлары негізінде, аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін интегралдық коэффициентті есептеу арқылы жүргізу кезеңдерінен тұрады.

20. Медициналық ұйымдар ұсынған құжаттарды қарау Комиссияның отырысында аккредиттеу стандарттарына сәйкестікті сыртқы кешенді бағалауды ескере отырып жүзеге асырылады.

Сыртқы кешенді бағалаудың қорытындылары баллдық жүйе, медициналық көмек көрсету сапасының индикаторлары негізінде аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін интегралдық коэффициентті есептеу арқылы аккредиттеу стандарттарына сәйкестікті бағалауды жүргізумен аяқталады.

Аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі 60%-дан 80%-ға дейін жеткен кезде аккредиттеуден өткен денсаулық сақтау субъектісіне 2 жыл мерзімге аккредиттеу туралы куәлік беріледі, ал аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі 80%-дан 100%-ға дейін жеткен кезде 4 жыл мерзімге аккредиттеу туралы куәлік беріледі.

Аккредиттеу туралы куәлік нысанын аккредиттеуші орган бекітеді.

21. Аккредиттеуші орган тиісті шешім шығарғаннан кейін аккредиттеуден өткен медициналық ұйымға 10 жұмыс күні ішінде аккредиттеу туралы куәлік беріледі.

22. Аккредиттеу туралы куәлікті беруден:

1) ұсынылған құжаттарда бұрмаланған немесе жалған ақпарат болған;

2) медициналық ұйымдардың сыртқы кешенді бағалау нәтижелеріне сәйкес белгіленген аккредиттеу стандарттарына сәйкессіздігі;

3) медициналық ұйымға қатысты мәлімделген қызмет түрімен айналысуға тыйым салу туралы сот шешімі болған жағдайларда бас тартылады.

4. Емші сертификатын беру жөніндегі қызметпен айналысуға денсаулық сақтаудың ұйымдарына аккредиттеу жүргізу тәртібі

23. Емші сертификатын беру жөніндегі қызметпен айналысуға үміткер денсаулық сақтау ұйымдары (бұдан әрі – денсаулық сақтау ұйымдары) аккредиттеуден өту үшін аккредиттеуші органға мынадай құжаттарды:

1) емші сертификатын беру құқығына денсаулық сақтау ұйымын аккредиттеуге өтініш;

2) құрылтай құжаттарының және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін (заңды тұлғалар үшін), өтініш иесін салық органында есепке қою туралы куәлікті;

3) меншік құқығындағы үй-жайдың немесе ғимараттың немесе үй-жайға (ғимаратқа) немесе оны жалдауға меншік құқығын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмелерімен расталған жалдау шартын немесе көрсетілген үй-жайдың (ғимараттың) қабат бойынша жоспары, медициналық қызметке лицензиясының көшірмесін (болған жағдайда);

4) осы Ережеге қосымшаға сәйкес медициналық және (немесе) арнайы жабдықтың, аппаратураның және аспаптың болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін;

5) медицина қызметкерлері туралы толық мәліметтерді сипаттай отырып, медицина қызметкерлері штатының болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін тапсырады.

24. Аккредиттеуші орган құжаттарды алған сәтінен бастап екі жұмыс күнінің ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша уәждемемен одан әрі қараудан бас тартылады.

25. Өтініштерді қарау:

1) аккредиттеуші орган маманының (бұдан әрі – маман) денсаулық сақтау ұйымын осы Ережеге қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкестігіне тексеруі;

2) Комиссияның денсаулық сақтау ұйымы ұсынған құжаттар мен маманның актісін зерделеуі;

3) емші сертификатын беру құқығына денсаулық сақтау ұйымдарын аккредиттеу туралы аккредиттеуші органның шешім қабылдауы орган қалыптастыратын аккредиттелген ұйымдардың дерекқорына енгізу және

аккредиттеу кезеңдерінен тұрады.

26. Өтініш иесін тексеру кезінде маман Ережеге қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкестігін кешенді бағалау жүргізу үшін денсаулық сақтау ұйымына барады.

Кешенді бағалау нәтижелері бойынша маман осы Ережеге қосымшаға сәйкес талаптардың барлық тармақтары көрсетілетін тексеру актісін жасайды.

27. Құжаттарды қарау мерзімі аккредиттеуден өтуге берілген өтініш тіркелген сәтінен бастап аккредиттеуші орган тиісті шешім шығарғанға дейін 30 күнтізбелік күннен аспайды.

28. Денсаулық сақтау ұйымдары тапсырған құжаттарды және маманның кешенді бағалау нәтижелері бойынша тексеру актісін қарау Комиссияның отырысында жүзеге асырылады.

29. Денсаулық сақтау ұйымдарын аккредиттеу туралы мәселені шешу кезінде Комиссия өтініш иесінің осы Ережеге қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкестігін белгілейді.

30. Аккредиттеуші орган Комиссияның ұсынымы бойынша денсаулық сақтау ұйымдарын аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім шығарады.

31. Аккредиттеуден өткен денсаулық сақтау ұйымы Комиссияның шешімі бойынша халық емшісі куәлігін беру жөнінде аккредиттелген денсаулық сақтау ұйымдарының дерекқорына қосылады.

32. Емші сертификатын беру жөніндегі қызметпен айналысу құқығына денсаулық сақтау ұйымы 3 жылға аккредиттеледі.

33. Денсаулық сақтау ұйымдарын аккредиттеуге:

- 1) ұсынылған құжаттарда бұрмаланған немесе жалған ақпарат болған;
- 2) денсаулық сақтау ұйымының осы Ережеге қосымшаға сәйкес талаптарға сәйкессіздігі;

3) егер денсаулық сақтау ұйымына қатысты өтініш білдірген қызметтің түрімен айналысуға тыйым салу туралы сот шешімі болған жағдайларда бас тартылады.

5. Аккредиттеу туралы куәлікті қайтарып алу

34. Медициналық ұйымды және тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу туралы куәлікті қайтарып алуды Комиссияның шешімі бойынша аккредиттеуші орган мынадай фактілер анықталған жағдайда:

- 1) медициналық және (немесе) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияны тоқтатқанда немесе қайтарып алғанда;
- 2) әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

6. Қорытынды ережелер

35. Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты және (немесе) медициналық ұйымның атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда аккредиттелген тәуелсіз сарапшылар, медициналық ұйымдар аккредиттеуші органға көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш береді.

Аккредиттеуші орган тиісті жазбаша өтініш берілген күннен бастап жеті жұмыс күнінің ішінде тәуелсіз сарапшылармен медициналық ұйымдар үшін аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдейді.

Бұрын берілген аккредиттеу туралы куәліктің күші жойылды деп танылады және болған жағдайда аккредиттелген субъектілердің дерекқорына тиісті ақпарат енгізіле отырып, аккредиттеуші органға қайтарылады.

Емші сертификатын беру жөніндегі қызметпен айналысуға аккредиттелген денсаулық сақтау ұйымының атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда аккредиттеуші орган мұндай өзгерістер туралы хабарлайды, содан кейін аккредиттелген денсаулық сақтау ұйымының дерекқорына тиісті өзгерістер е н г і з і л е д і .

36. Аккредиттеу туралы куәлік жоғалған жағдайда аккредиттеуші орган аккредиттелген тәуелсіз сарапшының, медициналық ұйымның жазбаша өтініші бойынша үш жұмыс күнінің ішінде аккредиттеу туралы куәліктің телнұсқасын б е р е д і .

Бұл ретте аккредиттеу туралы куәліктің түпнұсқасының күші жойылды деп т а н ы л а д ы .

37. Аккредиттеуші орган медициналық ұйымдар мен тәуелсіз сарапшыларды аккредиттеу туралы куәліктердің бланкілерін дайындауды, есепке алуды және с а қ т а у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і .

38. Аккредиттелмеген медициналық ұйымдар белгіленген аккредиттеу стандарттарына сәйкессіздікті жойғаннан кейін қайта аккредиттеуден өтуге ө т і н і ш б е р е д і .

39. Аккредиттеуші органның аккредиттеу туралы не аккредиттеуден бас тарту туралы шешіміне медициналық ұйымдар, денсаулық сақтау ұйымдары сондай-ақ жеке тұлғалар заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

Денсаулық сақтау саласындағы
аккредиттеу ережесіне
қосымша
нысан

Емші сертификатын беру жөніндегі қызметпен айналысу құқығына үміткер денсаулық сақтаудың ұйымдарына арналған аккредиттеу талаптары

Р/с №	Аккредиттеу талаптары	Өлшемдер	Ақпарат көзі	Талаптарды бағасы
1	2	3	4	5
1. Заңдық мәртебесі				
1	Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарына сәйкес құқық белгілеуші құжаттар	Мынадай құқық белгілеуші құжаттардың болуы: Қазақстан Республикасының әділет органы берген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік; мемлекеттік тіркеу туралы әділет органының белгісі бар белгіленген тәртіппен бекітілген ж а р ғ ы ; салық төлеушінің куәлігі; денсаулық сақтау ұйымының жарғысында қызметтің үлгісі, түрі, ұйымдық-құқықтық нысаны белгіленген; жарғының бөлімдерінде ұйымның құрылымы, қызметті басқару тәртібі туралы ереже көрсетілген	Құрылтай құжаттар пакеті	Белгіленген өтінішті ұс кезде Қаз: Республика заңнамасын талаптарын сәйкестік де айқындау үс белгілеуші құжаттарды көшірмелер пакеті зердел
2	Арнайы жабдық	Емшілікке қабілеттілігін анықтау үшін арнайы жабдықтардың (аппараттардың), атап айтқанда аурографтың, Фоль аппаратының , акупунктуралық нүктелердің электрондық маркерінің, ирридодиагностика үшін қуыс шамдардың, плазмографтың, космограмманың, Корошков аппаратының болуы	Жабдықтар бойынша құжаттама	А р н а й ы жабдықтарм аппаратурам қамтамасыз олардың тех (жұмыс) ж тексеріледі
		Қызметкерлердің кәсіби қызметін ақпараттық қамтамасыз ету үшін қазіргі заманғы телекоммуникациялық және	интернет-ресурсқа қосылуға арналған шарт; интернет-ресурсқа қосылған; м а м а н д а р д ы ң интернет-ресурстармен жұмыс істеу кестелері; өзекті баспа өнімдерінің келіп түсуін қамтамасыз ету арқылы қызметтің негізгі бөлімдері бойынша қызметкерлердің кәсіби	Жұмыс орн тексеріледі ұ й ы м қызметкерле жұмыс күн интернетке қолжетімділ б о л у ы ; оқу залын кітапхананы жүргізіледі каталогтард

3	Ақпараттық қамтамасыз ету	<p>компьютерлік жүйелерді пайдалану; денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің интернет-ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету; денсаулық сақтау саласындағы қазіргі заманғы жетістіктер туралы ақпаратқа қызметкерлердің қол жеткізуін қамтамасыз ету</p>	<p>қызметін ақпараттық қамтамасыз ету; жүйелі келіп түсетін мерзімдік баспа басылымдары; Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне қол жеткізу; мерзімдік баспа басылымдары арнайы жабдықталған (үстелдермен, орындықтармен және басқа да мүкәммалмен) және қызметкерлер үшін қолжетімді жерлерде (кітапхананың оқу залы) болды; қызметкерлер тақырыптық конференцияларға, семинарларға, оқыту бағдарламаларына қатысады</p>	<p>мерзімдік басылымдар бар-жоғы тегін емдеу кешілер қолданылатын препараттар (нұсқаулықтар арнайы жабдықтармен) пайдалану және нұсқаулық басылымдар нұсқалары, жазылуға өзекті әдебиетті қазіргі заңдар жарияланған қолжетімді</p>
		<p>Арнайы жабдықтарды (аппаратураны) және мүкәммалды сатып алу, жанарту, есептен шығару жоспарының болуы; белгіленген тәртіппен есептен шығару актілерін рәсімдеу, есептен шығару уақтылы жүргізіледі; жабдықтарды алмастыру дереу жүргізіледі. Арнайы жабдыққа қызмет көрсету мен жөндеуге шарттардың болуы</p>	<p>Денсаулық сақтау ұйымдары ұсынған құжаттама; тиісті ұйымдармен жабдықтарға жөндеу жүргізу мен қызмет көрсетуге шарттар бар; жыл сайын жабдықтарды тексеру жүргізіледі</p>	<p>Тиісті құжатталғанды денсаулық ұйымының үш жылғы қорықталу жұжарамсыз жұмыс істеу жағдайға уәкелтіріледі жаңа жабдық ауыстырыла</p>
		<p>Үй-жайлардың санитариялық ережелер мен нормалардың (бұдан әрі – СанЕН) талаптарына сәйкестігі</p>	<p>Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің бақылау қадағалау органдарының тексеру актілері</p>	<p>Үй-жайларға ғимараттар қойылатын талаптарға келеді; қосалқы қыз ұйымдастыр үй-жайлар ба</p>
		<p>Күзетудің сенімді шараларымен қамтамасыз ету, атап айтқанда: үй-жайлардың (терезе мен есіктер) торлармен қорғалуы және ұйым үй-жайларының бір бөлігі (касса; қымбат тұратын аппаратурамен жабдықталған диагностикалық кабинеттер; фитодәріхана, қоймалар мен тағы басқалар) қажетті күзет дабылдарымен жабдықталған; адамдар мен қоршаған ортаға әлеуметті қауіп төндіретін</p>	<p>Материалдық жауапты қызметкерлерге сұрақ қою; үй-жайларды тексеру; күзеттің тексеріп аралауын тіркеу журналы;</p>	<p>Ғимараттар үй-жайларды жүргізіледі, шараларының екендігі тек және ола</p>

арнайы объектілер (тез тұтанатын баллондар, сұйықтары бар контейнерлер, сәуле шығаратын аспаптар мен басқалар) үшін құлыпқа жабылатын қалқандар мен қаптардың болуы; тонау мен ғимаратқа бөтен адамдардың кіруінен аулақ болу үшін тәуліктік күзет ұйымдастырылған	күзетшілердің штат кестесі; объектіні күзетуді жоспарлау мен ұйымдастыру	барабарлығы объектіге тиімділігін жүргізіледі
Сабын-жуу және дезинфекциялаушы құралдардың қажетті мөлшерінің болуы	Үй-жайлардағы сабын-жуу және дезинфекциялаушы құралдар сақталатын арнайы орындарды тексеру; пайдалану мен сақтау бойынша нұсқаулық	Сабын-жуу дезинфекция құралдарды жеткілікті м б а р ; есепке алу тиісінше, са күні, жарам мерзімдері к отырып рәсіп
Қажетті техникалық және басқа да қызметтерді ұсынуға мердігерлермен шарттар	Мердігерлермен шарттар	Ұ сынылға л қызметтерге шарттар шарттар тиіс жеткізу мер есептеулер, с құны көр отырып, өз қызметтерді мерзімдері келісілген та сәйкес жүргі
Денсаулық сақтау ұйымдарында жеке сумен қамтамасыз ету көздері мен жергілікті суық су беру жүйесі болған жағдайда үздіксіз жұмыс істейтін орталықтандырылған немесе жергілікті су беру жүйесінің осы к ө з і н е санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар; суды тұтыну үшін санитариялық-техникалық аспаптар (ішкі құбырлар, қолжуғыштар, раковиналар, және т.б.) жұмыс істеуге арналып қойылғанын ескере отырып, орналастырылды, олардың техникалық жай-күйі СанЕН талаптарына сәйкес	Су құбыры, су беру және санитариялық-техникалық аспап жүйелерін аралау және тексеру; санэпидқадағалау органдары жүргізген су құбыры жүйесінің техникалық жай-күйін тексеру және суды зертханалық зерттеулер актілері	Сумен жаб жүйесі ү з жұмыс іс денсаулық ұйымы с қамтамасыз олардың тех жағдайы (талаптарына

<p>Механикалық қозғағышымен кіру-сору желдетпе жүйелері, сору желдетпесі, табиғи желдетпе және кондиционердің болуы</p>	<p>Табиғи қозғалтқышымен және табиғи көрсетілген элементтерінің болуы мәніне аралау және тексеру желдеткішпен сору желдеткіші жүйелерінің жоғарыда көрсетілген элементтерінің болуы мәніне аралау және тексеру</p>	<p>Әрбір үй-табиғи қозғағышым кіргізіш) ү жұмыс іст с орғыш желдеткішін арнасы мен желдеткіш желкөздер қайырмалы (фрамугтар) бар</p>
<p>Жылдың суық мезгілінде тиімді жұмыс істейтін, кабинеттер мен үй-жайларда ауаны біркелкі қыздыруды қамтамасыз ететін орталықтандырылған немесе жергілікті жылу жүйесі; құбырлар мен қыздыру аспаптарының беті, орналастыру мен пайдалану, сондай-ақ жылу тасымалдағыштардың сипаты СанЕН талаптарына сәйкес</p>	<p>Орталықтандырылған немесе жергілікті жылу элементтерін аралау және тексеру</p>	<p>Жылдың мезгілінде жұмыс іст кабинеттер үй-жайларда біркелкі қыз қамтамасыз орталықтанд немесе жең жылу жүй құбырлар қыздыру аспаптарының орналастыру пайдалану, с жылу тасымалдағы сипаты С талаптарына</p>
<p>Өртке қарсы қауіпсіздіктің қажетті элементтері, оның ішінде конструкциялар мен материалдар (өрттен қорғайтын бояулар, қаптамалық конструкциялар, сыртқы өрт баспалдақтары, лифттер); өрт сөндіру құралдары (гидранттар, қолғаптар, өрт сөндіргіштер); өрт дабылдары мен хабарлағыштар қою; өрттің таралуын шектеуді қамтамасыз ететін қондырғылар (өртке қарсы бөгеттер, бөліктер мен секциялар, авариялық ажырату және өрт кезіндегі айырып-қосу қондырғылары); өрт кезіндегі шығулардың, жиналу пункттерінің, қозғалыс бағыттарының және өрт жабдықтарының орналасқан жерінің нақты нұсқаулықтары</p>	<p>Өртке қарсы қауіпсіздіктің жоғарыда көрсетілген элементтерінің болуы мәніне аралау және тексеру, олардың техникалық жай-күйлері бағаланады; өртке қарсы қызметтерді тексеру актілері</p>	<p>Ұйымның үй-жайларын кезінде өртке қауіпсіздік талаптарға келеді; өртке қауіпсіздік жұмыс істе жауапты тағайындал өрт туын жағдайға қызметкерлер нұсқаулық жұмыс жүргі</p>

2. Кадрлық саясат/қамтамасыз ету

5	<p>Денсаулық сақтау ұйымының басшысы «Қоғамдық денсаулық сақтау /әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша маман сертификаты бар</p>	<p>Ұйым басшысының «Қоғамдық денсаулық сақтау /әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша маман сертификаты бар; ұйым әрбір қызметкермен еңбек шартын жасасқан және екі тарап қол қойған, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады; жұмысқа қабылдау кезінде маманның емшілікке қабілеттілігі анықталады</p>	<p>Денсаулық сақтау ұйымының басшысына сұрату жасау; денсаулық сақтау ұйымының басшы мен қызметкерлердің жеке ісі</p>	<p>Басшымен қызметкерме жүргізу ақ басшы қызметкерді зерделенед жұмысқа қарасімі е заңнамасына жүргізіледі еңбектің талаптарын азаматтарды құқықтары бұзбайды; қызметкерд емшілікке қабілеттіліг анықтау же рәсімдерді орындауды растайтын шешімдерд нәтижелері хаттамалар, атрибуттар б</p>
6	<p>Денсаулық сақтау ұйымдарының қажетті қызметкерлердің санымен жиынтықталуы</p>	<p>Денсаулық сақтау ұйымдарының штат кестесіне сәйкес мамандармен жиынтықталған; емшілік қабілеттілігіне ие қызметкерлердің медициналық білімі бар; емшілік қызметті жүзеге асыру үшін қосалқы (техникалық) қызметкерлер</p>	<p>Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің штат кестесі</p>	<p>Штат кестесіне сәйкес ұйым қызметкерлері негізделген денсаулық ұйымындағы қызметкерлер қатысты заңнамасы штат кестесі ұйым маман жиынтықтал</p>
		<p>Этика және деонтология мәселелері бойынша ұйым қызметкерлерімен тұрақты семинар сабақтарын өткізу; жағдайларды талдау және пациенттер мен келушілерге</p>		<p>Денсаулық ұйымында эти деонтология: сақтау мәселесі бойынша қызметкерлер семинар сабақтарын өткізу жоспары тақырыбы денсаулық ұйымдарын қабылданған этикалық нормалар мен ережелер</p>

7	Қызметкерлердің этика және деонтология қағидаттарын сақтауы	қызметкерлердің дәрежі қатынастарына, сондай-ақ пациенттерден заңсыз ақша, дәрілер, жабдықтар және т.б. талап етуіне байланысты шаралар қабылдау	Семинар сабақтарының материалдары; арнайы құжаттама	бұзушылық шағымдар б талдау мен қабылдау бекітілген; қызметкерл этика ж деонтологи: сақтау мони жүргізіледі з қағидалар нормалард жиынтықта әзірленді
8	Халық медицинасы саласындағы (емшілік) инновациялар мен зерттеулерге қолдау көрсету	Денсаулық сақтау ұйымдарында халық медицинасы саласындағы (емшілік) инновациялар мен зерттеулерді қолдау көрсету жөніндегі көтермелеу жүйесі әзірленді; ұйымның тарапынан жаңа сынамаларды әзірлеумен және енгізумен айналысатын қызметкерлерге көмек көзделген; енгізілетін жаңалық конференцияларда талқыланады	Семинар сабақтарының материалдары; қызметкерлерге сұрату жасау; арнайы құжаттама	Семинар сабақ өткізу к инновацияла зерттеулер, белгілейтін н зерделенеді
3. Емшілерге сертификаттар беру әдістері				
9	Емшілердің қабілеттілігін тексеру	Емші сертификатын алуға үміткер тұлғамен әңгімелесу жүргізіледі, сондай-ақ дәстүрлі медицинамен емдеу негізі бойынша білімдері тексеріледі; үміткердің халық медицинасы (емшілік) әдістерімен емдеу мүмкіндігіне қабілеттілігі зерделенеді; арнайы жабдықтарда (аппаратта) үміткерлерді тестілеу жүргізіледі; үміткерді сынау жүргізіледі	Әңгімелесу материалдары; сынау, тестілеу нәтижелері бойынша құжаттамалар	Әңгімелесу, және сы нәтижелері (құжаттар зер
4. Пациенттерді емдеу әдістері				
10	Халық медицинасымен (емшілік) емдеудің барлық әдісіне пациенттерді диагностикалау мен емдеу бойынша үлгілік әдістемелердің болуы	Ұйымда пациенттерді емдеудің үлгілік әдістемелері әзірленіп, бекітілді; емдеудің әрбір әдісі үшін пациентті емдеудің өзіндік үлгілік әдісі әзірленеді; үлгілік әдістемелер ауруларды диагностикалауды, емдеу қағидатын, өсімдік, жануар және минерал тектес заттарды	Іс жүргізу рәсімдері; қызметкерлерге сұрақ қою	Әрбір ел әдістемесінің тексеріледі «пациентке келтірме» қа ескере от әдістемелер диагностика

		пайдалануды, осы емдеу әдісін қолдану өлшемдерін сипаттаудан тұрады	ауруға қанша сәйкес келе бағаланады	
11	Пациенттің құқықтарын бұзуға әкеп соққан қызметкердің іс-әрекетіне шағымдану құқығы көзделген	Мемлекеттік және орыс тілдерінде, қол жетімді жерде мынадай ақпараттық материалмен маңдайша жазу орналастырылған: пациенттің емдеуші қызмет көрсету кезінде құқықтарын бұзуы туралы шағымымен тікелей ұйым басшысына, сондай-ақ пациенттің құқықтарын қорғау жөніндегі тиісті қоғамдық ұйымдарға немесе сотқа шағымдану мүмкіндігі; пациенттің оларға емшілердің қызмет көрсетуі кезінде құқықтарын бұзушылығы туралы мәселелер бойынша өтініш жасай алатын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалар туралы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, телефондардың нөмірлері); ұйымда қызметкерлердің іс-әрекетіне шағымдануы үшін пациенттің құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылған	Денсаулық сақтау ұйымының ғимаратын аралау; пациенттің шағымын тіркеу журналы, пациенттермен әңгімелесу, ұйымда пациенттердің шағымдарын қарау жөніндегі комиссия құрылған	Ақпаратты материалмен маңдайша зерделенеді; пациенттің құқықтары қамтамасыз жөніндегі талданады